

Еуразиялық экономикалық одақ Соты алқасының 2023 жылғы 12 шілдедегі шешімін орындау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 20 ақпандағы № 11 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ Соты алқасының 2023 жылғы 12 шілдедегі шешімін орындау үшін және Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 99 шешімімен бекітілген трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы істерді қарау тәртібінің 46-тармағының 4-тармақшасына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссиясының алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 8 "Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы ережелерін бұзудың болуы туралы" шешімінің күші жойылсын.

2. Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 76-бабы 2-тармағының 2-тармақшасын бұзу фактісі бойынша "Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтерлер палатасы" бухгалтерлердің кәсіби ұйымына (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 597 А үй, 7-қабат, 703, 704 – кеңселер, ТН 91758-1910-БКҰ, СТТН 600300511060, тіркеу күні 2008 жылғы 15 сәуір, БСН 080440011737), "Еуразиялық сертификатталған жария бухгалтерлер институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 597 А үй, 7-қабат, 703, 704 – кеңселер, СТТН 600700699647, тіркеу күні 2014 жылғы 9 сәуір, БСН 140440009917), "Қырғызстанның кәсіби бухгалтерлер және аудиторлар институты" қоғамдық бірлестігіне (Қырғыз Республикасы, Бішкек қаласы, Ибраимов көшесі, 115А үй, 3 – қабат, 305-кеңсе, ТН 146235-3301-ҚБ, тіркелген күні 2015 жылғы 14 мамыр., СТСН 01405201510190), және "СИПАЕН" мекемелеріне (Қырғыз Республикасы, Бішкек қаласы, Ибраимов көшесі, 115А үй, 3 – қабат, 304-кеңсе, ТН 127470-3301-У-е, тіркеу күні 2017 жылғы 13 қараша, СТСН 00102201310152) қатысты істі қарау тоқтатылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы
алқасының төрағасы

Б. Сағынтаев